<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Шеңбер бойымен тұрып доппен орындалатын жалпы даму жаттығулары.</b>  <b>Б.қ.: «Жоғары –төмен»</b>  1. Аяқтары алысқа қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау «жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту. /5 рет қайталау./  <b>Б.қ.: «Айдаһардың құйрығы»</b>  2. Аяқтар алысқа қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу. /5 рет/  <b>Б.қ.: «Дәл тигіз»</b>  3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу Сол жақ тіземінде қайталау. /5 рет қайталау/  <b>Б. қ.: «Доп қапты»</b>  4. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру. /10-15секунд/  <b>Шеңбер бойы маршпен жүру. Еркін жүру.(допты себетке қою)</b></p>	

	<p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. <b>Бастапқы қалыпқа келу.</b></p> <p><b>Негізгі қимылдарды орындау:</b></p> <p><b>1. Допты қақпа арқылы домалату</b> (ені – 50 см) 1,5 метр қашықтықтан, допты қақпаның тура ортасынан домалату, домалатқаннан кейін қақпадан өту. Мәредегі сызықтан 1,5 метр қашықтыққа үш қақпа орналастырады.</p> <p><b>2. Кедергілер арасынан «жыландай» жорғалап өту</b> (бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта орналасқан 4 модуль арқылы өту). Залдың қарсы жағына кедергілерді «жыландай» айналып еңбектеп өту</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үш аю».</b> Аюлардың қимыл-қозғалыста-рының ерекшеліктеріне назар аудартады.</p>	
<p><b>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Релаксация</b> Кәне, балалар, тұрайық, Қолды ақырын созайық. Саусақтарды ашып-жұмып, Енді төмен түсірейік. Аздап біз де демалдық, Жолға жиналып шығайық.</p>	

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*  
*Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.*

<b>Желтоқсан</b>		
<b>Міндеті:</b>	<p><i>Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан түзу жүру ,тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.</i></p>	
	<i>2 сағат</i>	
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	<i>алға жылжи отырып, секіру дағдысын қалыптастыру.</i>	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<p><i>Кіріспе бөлім. Амандасу.</i>  <b>Ойын гимнастикасы</b>  <i>Алақанды ашайық, Шапалақты соғайық. Шап-шап-шапалақ, Шап-шап-шапалақ.</i>  <i>Кәне, маған қара,</i>  <i>Бәрін бірдей қайтала. Бір-екі-үш, бір-екі-үш, Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).</i>  <i>Оң аяқ, сол аяқ,</i>  <i>Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?</i>  <i>Ойнайықшы біз аздап</i>  <i>(Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады). Бір-екі-үш,бір-екі-үш,</i>  <i>Ойнайықшы біз аздап.</i></p>	<p><i>аю, қоян бейнелері бар суреттер (слайдтар), музыка.</i></p>
<b>III. Тақырып бойынша</b>	<b>Негізгі бөлім</b>	

<p><b>жұмыс</b></p>	<p><b>Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен</b>  <b>Б.қ.: «Мысық оянды »</b>  1. Аяқтары алишақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./  <b>Б. қ.: «Кілем қағу»</b>  2. Аяқтары алишақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Шалтай-балтай»</b>  3. Аяқты алишақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/  <b>Б.қ.: «Дәл тигіз»</b>  4. Аяқтары алишақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Көңілді таяқша»</b>  5. Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/  Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)  Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.  <b>Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).</b>  Терең тыныс алып, демді шығару.  <b>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:</b>  1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілу.  2.«Аюлар» – тіке бағытта төрт аяқтап еңбектеу.  Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».</b> Кішкентай балапанға айнаруды ұсынады.</p>	
<p><b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Ойын жаттығуы: «Жұбыңды тап!».</b>  Тағы да балалардың есіне салады, барлық балалар бір-бірін сыйлап, кішіпейіл болуы керек, бірлесіп тату-тәтті ойнап, ренжіспеуі керек.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҮІӘміндеті:</b>	гимнастикалық орындықпен жүру дағдысын қалыптастыру.	
<b>ҮІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<p><b>Кіріспе бөлім</b>  Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.  Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.  Шеңбер бойымен жай жүру .  Шеңбер бойымен тұру.  <b>Қызығушылықты ояту</b>  Балалар, біз бүгін кімге қонаққа баратынымызды табыңдаршы.  Көп болса да аяғы, Тек жорғалап жүреді.  Денесі жасыл буылтық, Жапырақ оныңқорегі.  <b>(Жұлдызқұрт)</b></p>	жұлдызқұрт – спорттық жабдыққа жатпайды, сәкілер – 2 дана, доғалар.
<b>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Негізгі бөлім</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары: «Кобелектер»</b>  <b>«Кобелектер ұшады»</b> –б.қ., аяқтар сәл алысқа қойылған, қолдар төменде.  Қолдыекі жаққа созып, құлашын сермейді, төмен түсіреді. 5 рет қайталайды.  <b>«Кобелектер су ішеді»</b>–б.қ., алдыңғыдай. Еңкейеді, қолын артқа апарады, түзеледі. 4 рет қайталайды.  <b>«Кобелектер отырды»</b> –б.қ., алдыңғыдай. Отырады, қолды тізенің үстінеқояды, түзеледі. 5 ретқайталайды.  <b>«Кобелектер алаңқайға ұшып кетті»</b> – б.қ., аяқтары бірге, қолдары дене бітімінің бойында. Бір орында секіру, қолды құлаштапсермеу.  <b>Қимылдың негізгі түрлері: «Жұлдызқұрт» ойынын ойнайық.</b></p>	

	<p>1.«Жұлдызқұртты аттап өт» гимнастикалық сәкіде жұлдызқұрттан аттап өту. (Жұлдызқұрт балаларға кедергі жасап сәкіде жатады).</p> <p>2.Доға астынан өт. (доға астына жорғалау)</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұлдызқұрт»</b>  Балалар бірінің артынан бірі «жұлдызқұрт» болып тізбектеліп тұрады  Бірінші ойыншы «басы», соңғысы – құйрығы.  Музыка ырғағымен жұлдызқұрт алға қарай жорғалайды, басы әртүрлі би қимылдарын көрсетеді (қолымен, денесімен, аяғымен, басымен), басқалары бұл қимылдарды қайталауға тырысады. «Бас» шаршаған кезде, артында тұрған келесі ойыншыға бұрылып, оның басынан сипайды, ал өзі тізбектің соңына барып тұрады</p>	
<b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</b>	Балалар, біз бүгін қайда бардық? Кімді көрдік? Жұлдызқұрт бізбен қандай ойын ойнады? Дұрыс айтасыңдар, балалар, ал енді үйге қайтатын уақыт болды.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

	<b>2 сағат</b>	
<b>ҰІӨ мақсаты:</b>	допты кеудеден екі қолмен лақтыру дағдысын қалыптастыру.	
	<b>ҰІӨ өткізілу барысы</b>	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру.</b>	<p><b>Кіріспе бөлім</b>  Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.  Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.  <b>Тосын сәт</b>  Ұлттық киім киген Серік атты қуыршаққа назар аудартады. Қуыршақ өзімен бірге дорба ала келіпті. Балаларға дорбада спортзалда ойнайтын қандай заттар жатқанын сыртынан ұстап көріп табуды ұсынады.  Қолдарына сылдырмақ ұстап, тізбекте бір-бірден жүру, қолға арналған тапсырмамен – сылдырмақты жоғары, екі жаққа –арақашықтықты сақтау, басты тік ұстау.</p>	жалпы дамыту жаттығуларына арналған сылдырмақтар әр балаға 2 данадан, балалар санына есептелген доп, ұлттық киім киген Серік атты қуыршақ, дорба.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Негізгі бөлім</b>  <b>Шеңбер бойымен тұрып сылдырмақтармен ЖДЖ жасау</b>  <b>Негізгі қимылдарды орындау:</b>  <b>1.Алға қарай екі аяқпен секіру.</b> Қуыршақ Серікке дейін секіріп, сылдырмақты дорбаға салу, залдың қарсы жағындағы доп салынған себетке дейін секіру  <b>2.Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру.</b> Допты кеуде тұсында дұрыс ұстауына назар аудару, доптың соңынан белгі берілгенде ғана жүгіру.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Марғаулар мен балақайлар».</b>  Балаларды екі топқа бөледі – «Марғаулар» және «балақайлар». Балалардың жанына келіп:</p>	

	«Сүт! Кім сүт ішеді?» – деп, сүт құйып жатқандай қимыл жасайды. Марғауларды сызыққа дейін ғана ұстап алуға болатынын ескертеді.	
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</b>	<b>Ойын жаттығуы:</b> «Доп» Добымыз ойнайды, Секіріп еденде. Біреме жоғары, Біреме төменге.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

	<b>2 сағат</b>	
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу</b> <b>«Қатты-ақырын» ойын жаттығуы.</b> Тізбекте бір-бірден қолдарын түрлі қалыпта ұстап жүреді. «Қатты» деген белгі бойынша – сылдырмақты сылдырлатады, «ақырын» деген белгі бойынша – аяқтарының ұшымен жүреді, тыныштық сақтауға тырысады. <b>Қызығушылықты ояту.</b> Балалардың назарын қарапайым қорапшаға аудару. Егер балалар педагогтің тапсырмасын дұрыс орындаса, қорапшада сыйлықтар болуы мүмкін.	жалпы дамыту жаттығуларына арналған сылдырмақтар әр балаға 2 данадан, балалар санына есептелген доп, гимнастикалық тақтайша (ені – 25 см, ұзындығы – 2 м) – 2 дана, әр балаға арналған ойыншықтар салынған ғажайып қорапша.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі кезең.</b> <b>Жалпы даму жаттығулары. Сылдырмақпен</b> <b>Негізгі бөлім:</b> <b>Б. қ: «Ара ұшты»</b> 1. Аяқтар алысқа қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілету. «3-3-3» деп айту. /5 рет қайталау/	

	<p><b>Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»</b></p> <p>2. Аяқтары алишақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 5 рет қайталау/</p> <p><b>Б.қ. : «Қайшы»</b></p> <p>3. Аяқтары алишақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 5 рет қайталау/</p> <p><b>Б. қ.: «Қоян қапты»</b></p> <p>4. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/</p> <p><b>Қорытынды:</b></p> <p>«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.</p> <p>Шеңбер бойы маршпен жүру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.</p> <p><b>Негізгі қимылдарды орындау:</b></p> <p>1.Еденге қойылған тақтайша үстінде төрттағандап еңбектеу. Көпір үстімен залдың қарсы жағына еңбектеп өту. Нұсқау – тек көпір үстімен.</p> <p>2.Кеуде тұсынан допты екі қолмен лақтыру – доп лақтырғаннан кейін қолды созу.</p> <p><b>Қозғалыс ойын: «Затты тауып ал».</b></p> <p>Балаларды (әр бала үшін жасырылған ойыншығы бар) гажайып қорапшаны іздеп табу үшін жұмсайды.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b></p>	<p>Әркім өзіне сыйлық таңдап алуды ұсынады.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӨ мақсаты:</b>	<i>тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.</i>	
<b>ҰІӨ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<p><b>Кіріспе бөлім</b>  <i>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз бүгін көңілді аңдар боламыз. Сендер қандай аңдарды білесіңдер? Жарайсыңдар. Біз оларға еліктеп, қимылдарын қайталаймыз. Ал, кәнеки, аңдар, маған құлақ салыңдар! Барлық қимыл-қозғалысты біз сәтті орындаймыз. Оңға бұрылып бір қатармен сапқа тұрады. Бір қатармен сапта жүру. Аяқтың ұшымен жүру, қолдарын беліне қояды – «түлкі ақырын таяп келеді», табанының ішкі жағымен жүру – «аяу талтаңдап келеді», кәдімгі жүріспен кезектесіп жүреді.</i>  <i>Алға қарай секіру – «қояндар секіреді».</i>  <i>Бір қатармен жүру, жүгіру, «қасқыр жортып келеді».</i>  <i>Жүру және жүгіру, конустардың арасынан жыланша жүру – «жылан жорғалайды».</i>  <i>Шеңбер бойымен тұру.</i></p>	4-5 конусты жол (ені – 25 см, ұзындығы – 2 метр) – 2 дана, 2 сәкі, 4-5 құрсау, биіктігі 10 см текше, қасқыр бейнеленген бетперде.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары</b>  <b>Түлкіге арналған қолғап.</b>  <i>Б.қ.: аяқтар табан қашықтығына сәйкес.</i>  <i>1 – қолды алға созамыз, 2,3 – қолдың басын айналдырамыз, 4 – төмен түсіреміз. 4–5 рет.</i></p>	

	<p><b>Тиін інінде.</b>  Б.қ. – бұрынғы. 1 – аяғының ұшымен көтеріледі, қолдарын жоғары көтереді,  2 – б.қ. 4–5 рет.</p> <p><b>Құндыздар отын жаруда.</b> Б.қ.: аяқты иық бойымен қояды, саусақтарын айқастырып құлып жасайды, 1 – қолды бастан асыра жоғары көтереміз, 2 – алға қарай еңкейеміз – 4 рет.</p> <p><b>Ал, кірпіде –саңырауқұлақ.</b>  Б.қ.: аяқты табан қашықтығына сәйкес қойып тұру, қолдары төмен түсірілген.  1 – отырады, қолын еденге тірейді, 2 – тұрады, б.қ.,4 рет қайталау.</p> <p><b>Қоянға арналған пималар.</b>  Б.қ.: түреген тұрады, қолдарды белге қояды. Бір орында тұрып кезекпен секіреді, жүреді.</p> <p><b>Қимылдың негізгі түрлері:</b>  1.Қолды белде ұстап, текшелерден аттап, соқпақпен (жолмен)жүру.  Түлкі келеді көпірмен, Құйрығы оның бұлғаңдап.  Қолындағысын түсірмей Серуендейді масайрап.</p> <p><b>2.Сәкі үстінде төрттағандап еңбектеу.</b>  Маймақ аяқ аюлар Орманда жүр серуендеп. Бөренеден ол жылдам,  Ептілікпен аттады. Қабырғасын ауыртпай Керіліп ол алды.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр».</b></p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p>Балаларды мадақтау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	арқанмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу</b> Туін балаларды қарсы алады. Алақанды соқ-соқ, Аяқпенен топ-топ. Шынтақтардабүгілді, Көздеріміз жұмылды. Туін, тиін, ұйықтама, Бізбен бірге сен ойна. Тізбекте бір-бірден қолдарына бүршік ұстап жүру.	әр балаға ЖДЖ-ға арналған 2 жаңғақ, жіп – 3 дана, гимнастикалық тақтайша (ені – 25 см, ұзындығы – 2 м) – 3 дана, қуыршақ театрынан алынған ойыншық тиін.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім:</b> <b>Жалпы даму жаттығулары.</b> <b>Б.қ.: «Тик-так»</b> 1. Аяқтары алысқа, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау) <b>Б. Қ.: «Иықтың жүруі»</b> 2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /5 рет / <b>Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»</b>	

	<p>3. Аяқтар алысқа қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу./6 рет /</p> <p><b>Б.қ.: «Күнге жетемін»</b></p> <p>4. Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)</p> <p><b>Қорытынды:</b></p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p><b>Негізгі қимыл- қозғалыс. Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау:</b></p> <p><b>«Саябақта»:</b> Балаларды атын атап шақырады.</p> <p><b>1. Түзу созылып жатқан жіптің үстімен жүру.</b> Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстіне қояды.</p> <p><b>2. Еденде жатқан тақтайшада төрттағандап еңбектеу.</b></p> <p>Нұсқау – тақтайша үстімен ғана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Допты шеңбер бойымен» – допты бір-бірінің қолына ұстату.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Саусақ гимнастикасы: «Жасырынбақ»</b></p> <p>«Саусақтарым ойнады жасырынбақ, Бастарын да жасырды, Міне, былай, міне, былай, Бастарын ол жасырды»</p> <p>Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.</p>	

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы I*

*Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.*

<b>Қаңтар</b>		
<b>Міндеті:</b>	Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан түзу жүру ,тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.	
	2 сағат	
<b>ҰІӨ мақсаты:</b>	тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.	
<b>ҰІӨ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу.</b> <b>Ойын: «Әткеншек».</b> Әрең, әрең, әрең , Әткеншектер айналды. Содан кейін бәрі, Жылдам, жылдам, Шыр көбелек айналды. Ақырын, ақырын, асықпашы, Әткеншегім, тоқташы. 1-2, 1-2, міне, осымен Ойын бітті. Бір қарқында қимылдауға назар аударады	мәшине, пойыз, желкенді қайық бейнеленген суреттер, жіп – 3 дана, гимнастикалық тақтайша, доп.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім</b> <b>Жалпы даму жаттығулары</b> <b>Б.қ.: «Торғай ұшты»</b> I. Аяқты алысқа қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту. / 5 рет қайталау/ <b>Б.қ.: «Мотор»</b>	

	<p>2. Аяқты алысқа, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Гүлдің ашылуы»</b></p> <p>3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. (5- рет қайталау.)</p> <p><b>Б. қ.: «көңілді пингвин»</b></p> <p>4.Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру./10-15секунд/  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Әтеи» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.  Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.  <b>Негізгі жаттығуларды орындау:</b></p> <p>1.<b>Имектелген жолмен (имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына өту.</b></p> <p>2.<b>Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру.</b>  Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт».</b>  Көпірді біз саламыз,  Мәшине мен адамдар, Өзеннен өтсін қиналмай. Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз. Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.</p>	
<p><b>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Ойын жаттығуы: «Пойыз».</b> Бір тізбекке тұрып, пойыз болып жүреді. Ойын жаттығуы:«Мәшине».  Көшеде мәшине зулайды,  Дөңгелектен шаң бұрқырайды.  Нұсқау – «автокөліктер» залды аралап жүре алады.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӨ мақсаты:</b>	көлбеу тақтаймен жүру дағдысын қалыптастыру.	
<b>ҰІӨ өткізділу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу</b> <b>Қызығушылықты ояту</b> Күнге көңіл аудартады: «Бізге бүгін шұғыласын төгіп, күн қонаққа келді» Таспамен жүру және жүгіру – қолында күннің сәулесі. Балалар белгі бойынша бағыттарын өзгертеді. Таспаны қолға ұстап жүру және жүгіру. Берілген белгі бойынша балалар бағыттарын өзгертеді.	көлбеу тақтайша, волейбол торы, екі баған, әр балаға сары таспа мен шеңбер.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім</b> <b>Таспамен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары:</b> <b>1.Б.қ :</b> түрегеп тұрады, таспаның бір ұшын қолымен ұстап тұрады. Таспаны алға және артқа сермейді. Бірнеше рет қайталағаннан кейін, (4–6) таспаны екінші қолға ауыстырып жаттығуды қайталайды. <b>2.Б.қ:</b> аяқтарын бірге қосып отырады, таспаның екі ұшынан екі қолымен ұстайды. Алға қарай еңкейеді. Таспаны аяқтарының ұшына қояды, түзеледі, қолды жоғары көтеріп оған қарайды. Тәрбиешінің нұсқауымен алға қарай еңкейеді, таспаны алады. (3-4рет) <b>3.Б.қ :</b> шалқасынан жатады, таспаны алға қарай созылған қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқты бір мезетте таспаға дейін көтеріп, сосын қайта түсіреді. Аяқты созып та, бүгін те көтеруге болады. (3-4рет).	

	<p><b>3.Б.қ</b> : таспаны алға қарай созылған қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқпен бір мезетте секіреді. (10-15 сек)</p> <p>Бірінің соңынан бірі баяу жүру. Таспаны өз орнына апарып қою.</p> <p><b>Негізгі қимыл түрлері:</b></p> <p><b>1.Көлбеу тақтайшамен жоғарыға, төменге қарай жүру.</b> Тепе-теңдікті сақтауға назар аударады. Қажет кезінде сақтық шарасын көрсетеді.</p> <p><b>2.Допты жоғарыға және тор немесе керілген таспа арқылы алға қарай лақтыру.</b> Нұсқау – допты бастан асыра жоғарыға лақтыру, қолды жылдам түзету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы құстар»</b> Залдың бір жағына бала санына есептеліп шеңберлерді орналастырады, педагог құстарды топтың әр шетіне барып қоректенеді.Бұдан кейін ол: «Абайлаңдар, мысық!» – деп дауыстайды. Құстар өз ұяларына ұшып кетеді. Бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер бойымен жүру.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Релаксация</b> Ал, кәнеки, тұрайық, Қолды баяу көтеріп. Саусақтарды бүгіп-ашып, Төмен қарай түсірейік. Осылай тұрып демалып, Сау саламат болайық</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӘ мақсат:</b>	орнында тұрып ұзындыққа секіруді, таспаны қолымен ұстап шеңбер бойымен жүгіруді, арқаға массаж: «Бориц» жасауды үйрету.	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<p><b>Кіріспе бөлім. Амандасу</b>  <b>Маймыл ойыншықпен таныстыру.</b>                      Кішкентай маймылдарды бейнелеуді ұсынады.                      Бір-екі-үш, бұрылдық,                      Маймылға біз айналдық.                      Күнге қолды біз созып,                      Жүрдік оңға, солға да,                      Отырамыз, тұрамыз,                      Шаршамаймыз сонда да.  <b>Ойын гимнастикасы: «Маймылдар»</b>                      Таң атпастан алаңда Маймылдар жүр серуендеп.                      Оң аяқпен топ-топ!, Сол аяқпен топ-топ!                      Қолдарын созды жоғары, Қане кім биікке?</p>	«Маймыл» ойыншығы, педагогке арналған ана-маймылдың бетпердесі, жіп – 3 дана, бір қатарда бір- бірінен 1,5 м қашықтықта тұратын 4 поролон текше.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Негізгі бөлім</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары.</b>  <b>Б.қ.: «Көбелек қонды»</b>                      I. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға,                      солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/  <b>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»</b></p>	

	<p>2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Қайшы»</b></p> <p>3. Аяқтар алиақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./5 рет қайталау./  <b>Б. қ.: «Жұлдызша»</b></p> <p>4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хон» деп айту. /5 рет қай/  Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру. <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.  <b>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:</b>  <b>Жіпті (таспаны) ұстап шеңбер бойымен жүгіру.</b>  «Әткеншек» ойыны – музыка ырғағымен бір қарқында қозғалу.  <b>Орнында тұрып ұзындыққа секіру (30 см қашықтыққа)</b>  <b>Ойын жаттығуы.</b>  Ені 30 см матадан өзенді бейнелейді, маймылдарға одан секіріп өтуді ұсынады.  Қалай секіруге болатынын түсіндіріп, секіріп көрсетеді. Екі аяқпен бір мезетте итерілу керек екеніне назар аудартады.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тиіп кетпе!»</b>  Жіптер арқылы алаң шегарасын белгілейді (5метр) – еңбектеуді топ болып орындайды.</p>	
<p><b>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Арқаға массаж: «Бориц»</b>  Чики-чики-чики – ща!  Міне, орамжапырақ борицқа,  Туралады картоп,  Қызылиша мен сәбіз де,  Жартысын алып пияздың  Сарымсақ та турадым.  Чики-чики-чики-чори-  Дайын болды дәмді бориц.  Енді сау болыңыз</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

<b>2 сағат</b>	
<b>ҮІӘ мақсаты:</b>	«Суық түсті» биологиялық белсенді нүктелерінің массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.
<b>ҮІӘ өткізілу барысы</b>	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлімі:</b> Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру. Шеңбер бойымен тұру. / шеңберге тұрарда себеттен бір доп алу/
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім:</b> <b>Жалпы даму жаттығулары. Доппен</b> <b>Б.қ.: «Жоғары – төмен»</b> 1. Аяқтары алысқа қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау «жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту. /5рет қайталау./ <b>Б.қ.: «Айдаһардың құйрығы»</b> 2. Аяқтар алысқа қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. /5 рет қайталау./ <b>Б.қ.: «Дәл тигіз»</b> 3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземенде қайталау. /5 рет қайталау/ <b>Б. қ.: «Доп қашты»</b> 4. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру. /10-15секунд/
	балалар санына есептелген доп, өзеннің моделі – екі шеті түйілген ұзын таспа.

	<p><i>Шеңбер бойы</i> маршпен жүру.Еркін жүру.(допты себетке қою)  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту.  Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.  <b>Негізгі қимылдарды орындау:</b>  <b>1.Допты екі қолымен бастан асыра лақтыру.</b>  Бүгілген қолдарды жылдам әрі жігерлі қимылмен алға-жоғарыға қарай созып, доптың ұшу траекториясына дұрыс бағыт беру.  <b>2.Орнында тұрып ұзындыққа секіру (30 см қашықтыққа)</b> – аяқтың итерілуін қолдың қимылымен сәйкестендіру.  <b>Ойын жаттығуы:</b> «Өзеннен секіріп өт!» – өзеннің енін 30 см матадан құрастыру.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Әткеншек». Демалып, әткеншек тебуге ұсыныс жасайды.  Әрең, әрең, әрең Әткеншектер айналды.  Содан кейін бәрі жылдам, жылдам шыркөбелек айналды.  Ақырын, ақырын, асықпашы, Әткеншегім тоқташы.  1-2, 1-2, міне, осымен ойын бітті.</p>	
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b>	Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	нық қадаммен жүру дағдысын қалыптастыру.	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру.</b>	<p><i>Кіріспе бөлім. Амандасу.</i>  <b>Теңізшілерге айналып кемемен саяхатқа шығуды ұсынады.</b>  <i>Сапқа тұру.</i>                      Зал ішінде бір қатармен жүру (тізелерін жоғары көтеріп, аяғының ұшымен, жыландай иректеліп жүру)                      Аяқтың ұшымен жүгіру.  <b>Тыныс алу жаттығуы:</b>                      Иықтарға үрлейік, Ішті де біз ұмытпайық.                      Тұрбаға айналып аузымыз. Бұлтқа да бір үрлейік,                      Сәл гана сосын тоқтайық. Жылдамдата керілейік,                      Бір-бірімізге күлімдейік, Сәлемді біз жолдайық.</p>	<p><i>массажды жол, арқан, теңізшінің баскиімі, гимнастикалық таяқша, шеңберлер.</i></p>
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Гимнастикалық таяқшамен орындалатын ЖДЖ.</b>  <b>1. Теңізшілер жүріп, жүріп, Алаңқайға жетті.</b>                      Гүл жанына таянып, Жаттығуға кірісті.                      (Таяқты бастан асыра жоғары көтереді)  <b>2. Толқынға назар аударып Айналасын да бақылады.</b>                      (Таяқты иығында ұстап, бұрылулар жасайды)  <b>3. Теңізшіге керек тазалық, Палуба тұр жарқырап. (алға қарай еңкейеді)</b>  <b>3. Теңізде көңілсіз болмасын</b></p>	

	<p>«Теңізші» биін орындасын (отырады)  <b>4. Дауылда тоңып жаурамай, Секіріп алсын тоқтамай. (Секірулер)</b>  <b>Тыныс алу жаттығулары: «Құтқару дөңгелегін үрлейік»</b>  <b>Қимылдың негізгі түрлері:</b>  <b>Массажды жолмен жүру.</b>  <b>1. «Желкенді жаямыз»</b> (педагогтің көмегімен). Арқан үстінде жүру.  <b>2. «Құралдардан секіріп өт»</b> (сызық үстінен секіру).  Бірнеше параллель сызықтар үстінен екі аяқпен секіру (арақашықтығы – 20 см).  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңізшілер»</b>  Теңізшілер көңілді зой, Ылғи жақсы жүреді. Бос уақыт кезіксе,  Ән салып, би билейді.</p>	
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b>	<p>Балаларға саяхат кезінде қандай болғандары туралы айтып беру ұсынылады  <b>Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды.</b></p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу.</b> Қуыршақ Айгүл балалармен сәлемдеседі және ойын ойнауға ұсыныс жасайды. Бір шеңберге тұрайық, Бәріміз дос болайық. Қолымызды бірге ұстап, Шаттанайық бәріміз. Тізбекте бір-бірден жүру, тізбекте жүгіру, тізені жоғары көтеріп жүру.	Айгүл есімді қуыршақ, бала санына есептелген доп, биіктігі 40см доға – 2 дана.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім.</b> Бір қатармен сапта жүру, бір қатармен сапта жүгіру, тізделерін жоғары көтеріп жүру. <b>Қатарға сапқа тұрып доптармен ЖДЖ жасау.</b> <b>Б.қ.: «Оң - сол»</b> 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Доп қолда. Допты оң жаққа қозғап, басты оң жақ иыққа қою. «Оң жақ» деп айту. Допты сол жаққа қозғап, басты сол жақ иыққа қою. «Сол жақ» деп айту. /5 рет/ <b>Б.қ.: «Секіргіш»</b> 2. Аяқтары алыс қойылған. Доп кеуде тұсында. допты жоғары лақтыру ./5 рет қайталау./ <b>Б. қ.: «Құламалар»</b> 3. Аяқтары алыс қойылған, қолдағы допты жоғары созу. Доппен оңға- солға иілу. /6 рет / <b>Б.қ.: «Дән»</b>	

	<p>4. Жиырылып отырады, доп қолда. Күн қыздырып, жауын жауады. «Дән» ақырын допты жоғары созып керіледі. Орнында тұрып айналады. Өкшемен тұрып керіледі. /6 рет /  <b>Б.қ.: «Серіппе»</b></p> <p>5. Аяқтарын алашақ қою, доп қолда. Денені тік ұстайды. Орнында отырып - тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секунд/  Шеңбер бойы еркін жүру. (допты себетке қою) .Қолды жанға созып, жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару.</p> <p><b>Негізгі қимылдарды орындау:</b>  Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру – бүгілген шынтақтарын жылдам жазып қолды созу, допты лақтырғанда бағытына дұрыс траектория беру.  Берілген белгі бойынша орындалатын жаттығудың реті – сапқа тұру, алғашқы қалыпты сақтау, допты лақтыру, доптыңсоңынан жүгіру, қатардың қасына келіп тұру.  Доға астынан еңбектеу (биіктігі –40 см) – өтер кезде топтасу, бір-біріне кедергі жасамау.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  «Секір де – шапалақ ұр». Қимылдарды өзгерту үшін сапқа белгі береді.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Бетке жасалатын массаж: «Жуыну әні»</b>  Жуынбасаң сен егер  Кір-қожалақ баласың.  Барлық бала таңертең  Жуынуға асығар.  Мұрнымыз да тазарды, Аузымыз да тазарды. Иегімізді де тазарттық, Ал көзіміз жарқырады.  Сау болып жүріңіздер</p>	

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы I  
Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.*

<i>Ақпан</i>		
<b>Міндеті:</b>	<i>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.</i>	
	<i>2 сағат</i>	
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	<i>текшелермен жаттығуды, ирек жолмен жүру дағдысын қалыптастыру.</i>	
<i>ҰІӘ өткізілу барысы</i>		
<i>Жоспарланған уақыт</i>	<i>Жоспарланған іс-әрекет</i>	<i>Ресурстар</i>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу.</b> <i>Ойыншық қонжыққа, текше салынған себетке назар аудартады. Қонжық сияқты күшті болуды ұсынады. Тізбекте бір-бірден жүру, тізбекте жүгіру. «Музыкалық жұмбақтар» ойын жаттығуы – орман жаттығулары қимылын ұқсату – қонжықтың достарын. Қимылдың сипаты мен музыканың сәйкестігіне назар аударады. Бір қатармен сапта жүру, бір қатармен жүгіру. Ойын-жаттығуы: «Музыкалы жұмбақтар» – ормандағы қонжықтың достарының қимылдарын көрсету. Музыка мен қимылдың үйлесімділігіне назар аударады.</i>	<i>ойыншық қонжық, әр балаға 2 текше, жарты топ санына есептелген доп, биіктігі 40 см доға – 6 дана, ирек жолды құрастыруға арналған таспалар, қақпа жасауға модульдер.</i>
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім</b> <i>2 қатарға тұрып, текшелермен ЖДЖ жасау</i>	

	<p><b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Б. қ.: «Оң-сол»</b>  1. Аяқтары алишақ қойылған , ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /5 рет қайталау/  <b>Б. қ.: «Шеңбер жасау»</b>  2. Аяқтары алишақ қойылған , ленталар жанда, лентаны жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға иықты айналдыра отырып шеңбер жасау. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Айқастыру»</b>  3. Аяқты алишақ қоямыз. Ленталарды жанға созу. оң қолдағы лентаны сол иыққа апару, сол қолдағы лентаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Жасыру»</b>  4. Аяқты алишақ қоямыз. Ленталар белде. Алдыға қарай еңкейіп ленталарды созу «бар» деп айту, артқа шалқайып, ленталарды жасыру «жоқ» деп айту. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Серіппе»</b>  5. Аяқтарын алишақ қою, лента төменде. Орнында тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секу/  Шеңбер бойы жүру /ленталарды себетке салу/  <b>Тыныс алу жаттығулары:«Шар»</b> - ерніңді жұмып, ұртыңды томпайту; жұдырықпен жайлап жұмылу, еріннен ауаны шығарады (2-3 рет).</p> <p><b>Негізгі қимылдарды ойын түрінде жасау:</b>  <b>1.Ирек жолмен жүру</b>  <b>Ойын жаттығуы:</b> Таспамен жасалған жолмен жүріп өту – текшелерді қонжықтың себетіне жинау.Тепе-теңдікті сақтауға, дене бітімін тік ұстауға, текшелерді созылған қолмен екі жақта ұстауға назар аудару.  <b>2.Доға астынан еңбектеу. (биіктігі – 40см).</b>  <b>Ойын жаттығуы:</b> «Қонжықтай еңбектеп өт» – рет-ретімен үш доғаның астынан еңбектеп өту, қатардағы өз орнына келіп тұру.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қақпаға түсір».  Балаларға бір-біріне қарама-қасы қарап тұру ұсынылады. Екі баланың ортасына қақпа қойылады. Допты бар күшімен лақтыруына назар аударылады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p>«Алақанды соғамыз – шап-шап-шапалақ -шап-шап-шапалақ ,  Аяқты тыпырлатамыз – топ-топ.  Басты біз айналдырып,  Кеудемізді қағамыз.  Енді топқа қайтамыз.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	Бір орыннан екі аяқпен жоғары секіру дағдысын қалыптастыру.	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу</b> Қоянның қонаққа шақырғанына көңіл аудартады. Паровозбен баруды ұсынады. Бір қатар болып сапқа тұру. Ойын жаттығуы: « Пойыз».	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім:</b> <b>Жалпы даму жаттығулары</b> <b>№1 аялдама: «Спорттық». ЖДЖ.</b> <b>Негізгі бөлім:</b> <b>Б.қ.: «Сағаттар»</b> 1. Аяқтары алишақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. /5 рет/ <b>Б. қ.: «Су тасушы»</b> 2. Аяқтары алишақ қойылған, таяқша иықта, иықты кезек көтеру. /5 рет қайталау/ <b>Б.қ.: «Құламалар»</b> 3. Аяқтары алишақ қойылған, таяқшаны жоғары созу, оңнан – солға, солдан - оңға қарай иілу. /6/ <b>Б.қ.: «Күш жинау»</b> 4. Аяқтар алишақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп- түсіру. /6 рет/ <b>Б.қ.: «Мотоцикл жүргізу»</b> 5. Аяқтарын алишақ қою, таяқша кеуде тұсында; мотоциклды жүргізу (ыр-ыр-ыр) деп айту. Бір орында жүру. (15-20 секунд). Бір саппен шеңбер бойы жүру /таяқшаларды үстел үстіне қою/ . Маршпен жүру. <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алишақ ұстайды, қолды	

	<p>белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.</p> <p><b>Пойызбен әрі қарай жылжуды ұсынады.</b></p> <p><b>№2 аялдама: «Қоянның үйі»</b></p> <p>Кегельдердің арасымен жолда «ирелеңдеп» жүру, қолдарын екі жаққа созып жүру.</p> <p>Дене бітімін тік ұстап, табанымен арқанды басып жүруге назар аудару.</p> <p>Мынау соқпақ жол</p> <p>Қоянның үйіне апарад,</p> <p>Сол соқпақпен жүріп,</p> <p>Қоянның үйін тап.</p> <p>Қоян достарын күтіп алып, ойын ойнауға шақырады.</p> <p><b>Бір орында тұрып, екі аяқпен жоғары секіру.(жаппай 6 - 8 рет).</b></p> <p>Сәл отырып, жерден екпінді түрде итерілу және аяқтың жазылуы есебінен бір орында секіру керек екеніне назар аударады.</p> <p><b>№3 аялдама: Қозғалысты ойын: «Маған қарай жүгір».</b></p> <p>Ойын ережесін түсіндіреді.</p> <p>Залдың қарсы жағына шығып, балалардың атын атап шақырады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Қоян тұратын жердің табиғатын тамашалайды. Ормандағы дауыстарды тыңдауды ұсынады.</b></p>	

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*  
*Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.*

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>		
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<p><i>Педагог: Біздің қуыршақтар денешынықтырумен шұғылданбақшы, бірақ олар қалай айналысу керектігін білмейді. Кәне, біз оларды үйретейікші. Әрқайсысың өзіңе ұнаған қуыршақтың қасына барып тұрыңдар. Қуыршақтарды алып серуендеп қайтайық.</i></p> <p><i>Қуыршақтарды «үйшіктеріне» апарыңдар. Енді өздерің серуендеп келіңдер.</i></p> <p><i>Өз қуыршақтарыңа барыңдар.</i></p> <p><i>Сендердің қалай жүгіретіндеріңді қуыршақтарың көрсін.</i></p>	«Үйшіктегі» қуыршақтар – бала санына қарай есептелген
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Негізгі бөлім</b></p> <p><b>Қуыршақтармен бірге жалпы дамыту жаттығулары.</b></p> <p><b>«Қуыршақтарды алып, шеңбер бойына тұрыңдар».</b></p> <p><b>1.Қуыршақты жоғары көтереміз, сосын төментүсіреміз.</b></p> <p><i>Орындауы: ойыншықты оған қарап тұрып жоғары көтеру. (3-4 рет қайталау)</i></p> <p><b>2.Қуыршақты еденге отырғызып, оның көзіне қараймыз.</b></p> <p><i>Орындауы: иілу және отыру – әрқайсысы әртүрлі орындауы мүмкін. (3-4 рет қайталау)</i></p> <p><b>3.Қуыршақпен жасырынбақ ойнайық.</b></p> <p><i>Етпетінен жатып қуыршаққа қарау, бетін алақанымен жасыру «ішпен жатып, иықпен тіреп басын сәл көтеру, иіліп «жасырыну».</i></p> <p><i>(3- 4 рет қайталау).</i></p> <p><b>4.Қуыршақпен билейік.</b></p> <p><i>Қуыршақты қолға алып, әркім өз әліңше бір орында би қимылдарын жасау. (15–20 секқайталау)</i></p> <p><b>Қимылдың негізгі түрлері:</b></p>	

	<p><i>Қолға қуыршақты ұстап, екі жіп арасымен түзу жүру.</i></p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күлше нан»</b>  <i>Қуыршақтарды үлкен шеңбер бойымен отырғызуды ұсынады (үлкен шеңбер залдың ортасында).  Қуыршақтардың туған күнін атап өту үшін «Күлше нан» ойынын ойнаймыз.  Бәріміз бір- біріміздің қолымыздан ұстаймыз.  Туған күнді тойлауға Пісірдік біз күлше нан.  Иісі қандай дәмді, Өзі қандай сәнді.  Қызарып піскен күлше нан, Қазаннан түскен күлше нан.  Күлше нан, бұрыл солға, Күлше нан, бұрыл оңға,  Жан-жағыңа қара да, Қуыршақты таңда.  (Өз қуыршақтарын алып, әркім өз әлініше би қимылдарын жасайды. 2 рет қайталайды).  Қуыршақтар шаршады, енді оларды мәшинемен үйлеріне апарып салайық.  «Мәшине» әнінің ырғағымен бәріміз үйге қайтайық.  Мәшине, мәшине келе жатыр, Ішінде, ішінде шопыр отыр.  Би-би-би! Би-би-би!</i></p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</b></p>	<p><i>Ойын жаттығуы: «Тамаша көңіл күй».</i></p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

		<b>2 сағат</b>
<b>ҰІӘміндеті:</b>	Балалар арасындағы қашықтықты сақтауға назар аудару. Шеңбер бойымен тұрып жалпы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Заттармен жаттығу жасауды үйрету	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім . Балалармен амандасу.</b> <b>«Пойыз» ойыны.</b> Балаларға үлкен себеттегі сылдырмақты көрсету. Сылдырмақты балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі бөлім</b> <b>Жалпы даму жаттығулары:Сылдырмақпен</b> 1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде. Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. Келу 2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Сылдырмақты алға созу.. Отыру, тұру. Б. қ. Келу 3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Аяқ арасы иық көлеміндей ашақ, сылдырмақ кеуде тұсында. Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу. Б. қ. келу. Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау. 1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу. <b>Тыныс алу:</b> . «Сылдырмақты үрлеу».	

	<p><b>3. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:</b>  <i>Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру.</i>  <b>Қимылды ойын: №13. «Қоңырау қайдан естіледі?»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.</p>	
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</b>	<b>Балаларды мадақтау</b>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.**

<b>2 сағат</b>		
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру.</b>	<p><b>Кіріспе бөлім. Амандасу</b>  <b>Әжемнің ауылында (таза ауада)</b>  Сапқа бір қатармен тұру, шеңбермен жүру.  «Біз бүгін ауылға әжемізге қонаққа барамыз»  Шеңбер бойымен жүру.  Шеңбер бойымен сапқа тұру.</p>	ағаштың муляжі, жолды көрсетуге арналған таспалар, жарты топ балалар санына есептелген доптар, шеңберлер, тауық бейнесі бар беттерде.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығулары</b>  <b>Дене бітімінің арналған жаттығулар</b>  <b>«Әжеммен бірге кім тұрады?»</b>  <b>1. Тауықтар қанатын қағады.</b>  Б.қ.: аяқтар табан өлшеміндей қашықтықта, қолды төмен түсіреді. қолды екі жаққа көтереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет.  <b>2. Қаздар қиқулайды:</b> аяқтар иыққа сәйкес қашықтықта, қолдары белде.  1 – алға қарай иіледі, шынтақтарын артқа жібереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет.  <b>3. Марғаулар керіледі.</b></p>	

	<p><i>Б.қ.: төрттағандап тұрады.</i>  <i>1 – жауырынды доғадай иеді, 2 – арқаны илкітіреді. Б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет.</i></p> <p><b>4.Күшіктер ойнайды.</b>  <i>Б.қ.: шалқасынан жатады. 1,2,3,4 – аяғы мен қолдарын шапшаң қозғайды.</i></p> <p><b>5.Құлынишақтар секіреді.</b>  <i>Бір орында тұрып секіру</i></p> <p><b>Тыныс алу жаттығуы</b>  <i>«Ауызбен және мұрынмен тыныс алудың үйлесімділігі»</i></p> <p><b>Негізгі қимыл -қозғалыс жаттығуы.</b>  <b>«Әжемізге бау-бақшада көмектесейік»</b>  <i>1.«Бау-бақшамен жүреміз» – ені 20 см, ұзындығы 3 метр имектелген жолмен жүру.</i>  <i>2.«Қарбыз жинаймыз» – бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта отырып екі қолымен допты домалату.</i></p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тауық пен балапандар».</b>  <i>Алаңның бір жағында үй – қоршалған орын болады, онда тауық пен балапандар бар (еденнен биіктігін 50 см-дей етіп бағандар арасына жіп тартылады). Бір жақ шетіне «үлкен құс» орналасады. Тауық жіптің астынан өтіп, қорек іздеуге аттанады. Ол балапандарын «ко-ко» – деп шақырады.</i></p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Балаларды мадақтау</b></p>	

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*  
*Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.*

		<b>2 сағат</b>
<b>ҮІӘміндеті:</b>	<i>тыныс алу гимнастикасын және білекке арналған «Тышқан» массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</i>	
<b>ҮІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>Ұйымдастыру.</b>	<b>Кіріспе бөлім. Амандасу.</b> <b>Педагог</b> <i>Жұмсақ ойыншық «тышқанға» назар аудартады. Ойыншықты сөйлетеді. Кішкентай тышқандарға айналуға ұсынады.</i> <b>Тышқандар бөлмеде қалай жүретінін, жүгіретінін көрсетуін сұрайды.</b> <i>1-2-3-4 –Үй ішінде тышқан көп.</i> <i>Мысық келді,қаш, Есікті мықтап бас!</i>	<i>жарты топ балалар санына есептелген доптар, тышқан ойыншықтар, мысықтың бетпердесі.</i>
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Негізгі кезең.</b> <b>Жалпы даму жаттығулары. Доппен</b> <b>I.Қол мен иық бұлишықеттеріне арналған жаттығулар.</b> <i>Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу.</i>	

	<p><b>2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:</b>  <i>Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алашақ, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу</i></p> <p><b>3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:</b>  <i>Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алашақ, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу.</i></p> <p><b>4. Қос аяқпен секіру.</b>  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b>  <i>«Алақандағы допты үрлеу».</i></p> <p><b>Негізгі қимылдарды орындау:</b>  <b>Ойын түрінде:</b>  <b>1. Тіке бағытта төрттағандап еңбектеу</b>  <i>Тышқандарға өз індерінен шығып, екінші інге шапшаң еңбектеп баруларын ұсынады.</i></p> <p><b>2. 1,5 метр қашықтықта түрегеп тұрып, бір-біріне допты домалату.</b> Допты екі қолмен бар күшімен итеруге және домалау бағытын сақтауға назар аударады.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен тышқандар»</b>  <i>Пеш үстінде мысық отыр, Екі көзін қысып отыр.  Тышқан етін жегісі кеп, Тісі оның қышып отыр.</i></p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Қолға массаж жасау:</b>  <i>Бала, бала, балақай,  Қол соғайық, алақай!  Бір, екі, үш деп айтайық,  Саусақтарды тартайық.  Жалқау бала болмайық,  Қолды қысып, ойнайық.  (Б.Бөрібаев)</i></p>	

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы 1*  
*Іс-әрекет түрі: Дене тәрбиесі.*

<b>Наурыз</b>		
<b>Міндеті:</b>	<p><i>Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді, кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру, Арқанның (биіктігі 50 сантиметр), доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, 2 метр қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту, құрсаудан еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр).</i></p> <p><i>Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру</i></p>	
	<i>2 сағат</i>	
<b>ҰІӘ мақсаты:</b>	<i>Тыныс алу жаттығуын мәтін бойынша орындауды үйрету.</i>	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	
<i>1. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</i>	<i>Кіріспе бөлім. Балалармен амандасу</i> <i>2.дене тәрбиесі нұсқаушысының артынан шеңбермен жүру.</i>	<b>Ресурстар</b> <i>ұлттық киім киген қуыршақ, музыка</i>

<p><b>Ұйымдастыру.</b></p>	<p><b>«Орман аңдары»</b>  1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.  2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.  3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.  4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.</p>	
